



mozaBook

жұмысқа кіріспе

- **mozaBook** 2
*Орнату, Іске қосу, Бет картасы
Басылымдардың ашылуы
PDF және PPT импорты, Навигация
Басылымдарды жаңарту, Жаңа басылымдар*
- **Экстра мазмұндар** 14
*Динамикалық экстралар
3D үлгілер, Видеолар, Қабаттар
Құралдар, ойындар, Сурет салу құралдары
Тапсырмалар редакторы*
- **Дәптерлер** 34
*Дәптер бетінде жұмыс істеу
Байланыстар диаграммасы
Анимация, Геометриялық құралдар
Жазбалар, Сілтемелер, Дәптерлерді синхрондау
Анимацияланған шаблондар
mozaWeb-тегі дәптерлер*
- **Басқа мүмкіндіктер** 44
*Іздеу, Көмекті пайдалану
Мультимедиялық рекордер, Басып шығару
Қол жазуын тану, Теңшеу мүмкіндіктері
Үй тапсырмасы, Сыныптағы жұмыс
mozaBook бірнеше платформада
mozaBook және mozaWeb
Бағдарламаны жаңарту, Кері байланыс
mozaBook лицензиялары*

mozaBook деген не?

mozaBook – интерактивті таныстырылымдық бағдарлама, оның көмегімен жеңіл әрі тартымды сабақтарды өткізуге болады.



mozaBook-те цифрлық кітаптарды қарай аласыз және оларды цифрлық мазмұндармен (видео, аудио, 3D үлгілері, тапсырмалар) толықтыра аласыз. Сіз көрнекті таныстырылымдарды, сабақ жоспарларын, тапсырмалар парағын дайындай аласыз, олар студенттердің қызығушылығын арттырып, тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Бағдарлама қандай мүмкіндіктер ұсынады?

Бағдарламада Сіз тек дәптерлер құра алмайсыз, сондай-ақ PDF файлдарды импорттай аласыз. Оларға жазып, сурет сала аласыз, ал медиа-лексиконның интерактивті мазмұндары арқылы оларды көрнекті әрі тартымды ете аласыз. Құрылған таныстырылымды анимациялай аласыз.



mozaBook интерактивті тақтада, компьютерде тамаша пайдаланыла алады.

Сіз таныстырылымдарды үйде де оңай қолдана аласыз, олар кейін мектептегі сабақтарда таныстыра аласыз.

Онлайн-синхрондаудың көмегімен мазмұныңызға Сіз mozaBook қосылған кез келген компьютерде қол жеткізе аласыз.



Үйдегі жұмысқа арналған онлайн-платформа

mozaWeb – mozaLearn білім беру жүйесінің үйде оқуға, сабаққа дайындалуға арналған элементі, ол оқушыларға және мұғалімдерге таптырмайтын көмек ұсынады. Бағдарламаны пайдалану оқу үдерісін қызықты және тиімді етеді.

- Қарапайым тіркелуден соң-ақ mozaWeb-тің көрнекті, интерактивті әлемін қызықтай аласыз, бірақ бағдарламаның мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін mozaWeb-ке жазылуды сатып алуыңыз қажет.
- Сіз кез келген браузерде онлайн режимінде mozaBook-ті пайдаланғанда кездескен білім беру мазмұндарына қол жеткізе аласыз.
- Цифрлық оқулықтарыңызды ашып, парақтай аласыз, беттердің бөліктерін үлкейте аласыз және тақырыпқа байланысты интерактивті экстрa мазмұндарды (3D көріністері, білім беру видеолары, аудиофайлдар, тапсырмалар) қарай аласыз.



Медиа-лексикон

Медиа-лексиконда Сіз экстрa мазмұнды бірнеше мың тақырыптық элементтерді таңдай аласыз, оларды кіріктірілген медиа-плеердің көмегімен ойнатуға болады mozaWeb.

- 1200-ден артық интерактив 3D-көріністері
- бірнеше жүз видео
- суреттер, аудиоматериалдар, тапсырмалар және басқа қосымшалар.



Құралдар, ойындар

100-ден астам тақырыптық құралдар мен ойындарға қол жеткізе аласыз, олар оқу материалын бекітуге, тереңдетуге қажет таптырмaс көмек.

Орнатылуы оңай

mozaBook орнату бағдарламасын Сіз Mozaik Education веб-сайтынан жүктей аласыз. Іске қос және нұсқаулықтарды сақта **1**! Орнату аяқталған соң Сіз бағдарламаны жұмыс үстелінде оның иконына басып іске қоса аласыз.



Кеңес

Бірінші рет іске қосқанда, mozaBook-ті сатып алғанда берілген лицензия кодын жазыңыз **2**. Егер Сізде ол код жоқ болса, демо режимін таңдаңыз **3**. Кодты енгізу үшін интернет байланысы қажет.


Жүйе талаптары

mozaBook

- Үстел компьютері немесе ноутбук
- Microsoft Windows 7 немесе кейінгі нұсқа
- 2 GB бос орын кітаптарсыз.
Кітап пакеттерінде әр кітапқа 20-80 MB бос орын қажет онлайн және 1-2 GB офлайн режимін пайдаланғанда.
- Ең болмағанда 4 GB операциялық жады (ұсынылған 8 GB RAM)
- Intel Pentium 4, AMD Athlon немесе жаңа процессор (CPU)
- 3D көріністері және видеолардың тез жұмыс істеуіне қажет графикалық карта
- Дисплейдің ашылуы: мин. 1024x768

mozaBook лицензия коды

Лицензия кодыңызбен mozaBook-тің пайдаланушысы екеніңізді растайсыз. Бір лицензия кодымен mozaBook бағдарламасы тек бір компьютерде іске қосыла алады (Кеңірек 59-беттен қараңыз.)



mozaWeb аккаунты деген не?

mozaWeb аккаунты – жеке интернет жәшігі, оның көмегімен mozaBook бағдарламасында Медиа-лексиконның интерактивті мазмұндарына (3D көріністеріне, видеоларға, аудиоларға, суреттерге, интерактивті тапсырмаларға) қол жеткізе аласыз, сондай-ақ әр түрлі компьютерлерде құрылған өз мазмұндарыңызбен бөлісе аласыз.

Оның көмегімен mozaWeb-ке кіруге болады, онда mozaBook-ті пайдаланбай-ақ веб-оқулықтарға және интерактивті мазмұндарға онлайнда қол жеткізе аласыз.

Егер Сіздің mozaWeb аккаунтыңыз бар болса, онда пайдаланушы аты және құпиясөздің көмегімен кіре аласыз ①! Егер Сіздің mozaWeb аккаунтыңыз әлі жоқ болса, онда оны құрыңыз!



Көмек • Дәптерлеріңізді mozaWeb аккаунтыңызға жүктей аласыз, сонан соң кез келген mozaBook орнатылған компьютерде аша аласыз. Аккаунтыңызды дәптеріңізде жасалған өзгерістерді автоматты түрде сақталатындай етіп теңшей аласыз, яғни дәптеріңіз үнемі синхрондалады.



mozaWeb аккаунтын құру

mozaBook-ті бірінші рет іске қосқанда Жаңа аккаунтты құру пернесіне басып ② жеке mozaWeb аккаунтыңызды құрыңыз! Мәліметтеріңізді жазып ③, сонан соң Құру пернесіне басыңыз ④! Пайдаланушы атыңыз бен құпиясөзіңізді электронды мекенжайыңызға жібереміз, сонымен mozaWeb порталына да кіре аласыз.

mozaWeb аккаунтыңызды құрған кезде пайдаланушы атыңыз бен құпиясөзіңіз автоматты түрде пайда болады, бірақ mozaWeb-ке кірген кезде құпиясөзіңізді профиль мәзірінде өзгертуге болады.



mozaBook жергілікті пайдаланушыны құру

mozaBook-ті пайдалана алу үшін, жергілікті пайдаланушыны құруыңыз керек. Сонымен кіріп бағдарламаны іске қоса аласыз.

Сонан соң

- өз дәптерлеріңізді дайындай аласыз,
- басылымдарда жасалған өзгерістерді сақтай аласыз,
- пайдаланушы интерфейсін теңшей аласыз.

Бағдарламадағы пайдаланушы атыңызды ①, құпиясөзіңізді ② жазыңыз және аватарыңызды таңдаңыз ③!





Бірнеше mozaBook жергілікті пайдаланушы

mozaBook-ті пайдалана алу үшін, жергілікті пайдаланушыны құруыңыз керек. Сонымен кіріп бағдарламаны іске қоса аласыз. Сонан соң

- бар mozaWeb аккаунтын ④,
- жаңа mozaWeb аккаунтын ⑤ қоса аласыз, бұл адымды аттап кете аласыз ⑥.

mozaWeb аккаунтыңызға mozaBook-тың Теңшелімдер тақтасынан mozaWeb аккаунтын таңдау арқылы да кіре аласыз ⑦.



Сыбыр

Егер mozaBook-ты, бірнеше компьютерде пайдалансаңыз, онда жергілікті пайдаланушыларыңызды бір mozaWeb аккаунтымен байланыстыруыңыз керек, сонан соң бір мазмұнды барлық компьютерден қарай аласыз.

Кіру

mozaBook-ті пайдаланатын тілді таңдаңыз ①, және қажет жағдайда масштабты пайдаланатын құралға сәйкес өзгертіңіз ②. Аватарыңызды таңдаңыз ③, және құпиясөзіңізді жазыңыз ④!

- Ашқыңыз келетін басылымды таңдай аласыз ⑤.
- Жаңа дәптер құра аласыз ⑥.
- Жұмысыңызды үзілген жерінен жалғастыра аласыз ⑦.
- Қаласаңыз, жаңа пайдаланушыны да құра аласыз.



Басылымды таңдау

Төменгі жолақты сырғытып, кітаптардың, дәптерлердің арасынан таңдай аласыз. Егер тізім тым ұзын болса, онда тақырып, сынып немесе басылым түріне қарай таңдай аласыз ⑧.

Басылымды ашу үшін мұқабаға немесе Ашу иконына басыңыз ⑨. Мұнда Жаңа дәптерді құру немесе Соңғы қалып функциясын таңдай аласыз.

Егер бағдарламаны жапқыңыз келсе немесе кіру бетіне оралғыңыз келсе, онда жоғарғы бұрыштағы х-ті түртіңіз ⑩!

1. Басылымның қосымша парақтары

Бірнеше басылымды бір уақытта аша аласыз, қосымша бетті нұқып, белсендіретін басылымды таңдай аласыз.

2. Құралдар

Тақырыптық көмекші құралдар, логикалық ойындар және иллюстрациялар мен сауалнамалар үшін құрылған дағдыларды дамытатын ойындар. Құралдардың мәтінді және суретті мазмұндарын mozaBook дәптерлері мен басылымдарына апаруға болады.

3. Теңшелімдер

Тақта бағдарламаны жеке теңшеуге басқа да мүмкіндіктер береді, бұл Сіздің жұмысыңызды жылдамдатады, қолайлы жағдай тудырады.

4. Құралдар тақтасы

Құралдар тақтасынан бағдарламаның ең маңызды функциялары қолжетімді.

5. Жаңа дәптер парағы

Осында жаңа дәптер құра аласыз, сондай-ақ ашық дәптерге жаңа парақ қоса аласыз.



8. Сыбыр

mozaBook сыбырынан бағдарламаның барлық функциясына пайдалы мәтінді көмек сұрай аласыз. Видеосыбырдың көмегімен бағдарламаны және құралдарды қалай басқаруға болатынын оңай меңгере аласыз.

9. Белсенді құралдар

Таңдалған құралдар икондар немесе минатюралар түрінде кітаптарға және дәптерлерге қойыла алады, сол жерден оларды аша аласыз.

10. Тапсырмалар тақтасы

Ашылған басылымдарға және терезелерге мұнда қол жеткізе аласыз.

11. Қаламсауыт

Мұнда сурет құралдарына оңай қол жеткізе аласыз. Экранның белгіленген мазмұнын себетке апарып, оңай жоя аласыз.

6. Медиа-лексикон

Интерактив мазмұндардың ішінен 3D үлгілерді, суреттерді, видеоларды және аудиоларды іздеуіңізге болады.

7. Мультимедиялық рекордер

Оның көмегімен экранның суретін немесе оның бөлігін сақтай аласыз, аудио және видео жазбалар жасай аласыз.

12. Сурет салу құралдары

Қойылған сурет құралдарымен оқулықтарды және дәптерлерді оңай безендіре аласыз.

1. Басылымдарды қайдан табасыз?


Құралдар тақтасындағы Ашу иконын басыңыз ①.
Кітаптар мәзір нүктесіне нұқыңыз ②, сол кезде пайдалануға болатын кітаптар шығады.

Құлақшалардың көмегімен терезеден кітаптарыңыз бен дәптерлеріңізді көре аласыз ③!

2. Басылымды қалай аласыз?

Керек басылымды ашу үшін нұқыңыз ④!

Егер басылым тым көп болса, онда тақырыптан сүзгінің көмегімен пән немесе сынып бойынша таңдай аласыз ⑤.


 Импорт/Экспорт мәзірінде ⑥ PDF файлдары да ашылады, сонан соң оларды дәптерлер секілді пайдалануға болады.



3. Бір басылымнан екінші басылымға қалай ауысуға болады?

Негізгі терезенің тақырыпатындағы қосымшаларға басып, қалаған басылымыңызды таңдай аласыз ⑦.

Құралдар тақтасындағы Тапсырмалар тақтасына басып бір басылымнан екіншіге ауыса аласыз ⑧.



4. Басылымдарыңызды қалай сақтайсыз?


Құралдар тақтасындағы Ашу иконын басым ашылған тақтадан Сақтау мәзір нүктесін таңдайсыз ⑨!

Тапсырмалар тақтасын таңдап ⑧, басылымдардың жанындағы Сақтау иконымен таңдағандарыңды сақтай аласыз!

5. Басылымдарыңызды қалай жабуға болады?

Басылымдар қосымшасында кітаптың атының жанындағы х-ке басу керек ⑩!


Басылымдарды жабуға және Тапсырмалар тақтасынан да басылымды жабуға болады ⑪.



PDF және PPT импорттау мүмкіндіктері

mozaBook бағдарламасында PDF- және PPT- (PowerPoint) файлдарын импорттауға мүмкіндік бар. Сканерленген файлдар mozaBook кітаптары және бағдарламасында құрылған дәптерлер секілді жұмыс істейді. Оларды көрсетуге, парақтауға, бөліктерін үлкейтуге болады, беттерінде mozaBook медиа-лексиконының интерактив мазмұндарын орналастыруға болады.

- Импортталған PPT файлдарының слайдтарын (беттерін) редакциялауды редакциялай аласыз.
- Егер Сіз пайдаланатын оқулық PDF форматында болса, онда импорттаған соң оны mozaBook бағдарламасында да пайдалана аласыз.



PDF импорты

Құралдар тақтасындағы Ашу иконына басыңыз ①.

Импорт / Экспорт мәзірінде ② PDF импортына басыңыз.

Ашылған Медиа-лексиконда ашқыңыз келетін файлды табыңыз ③.

Өз компьютеріңізден ④ немесе интернеттен іздей аласыз ⑤.


Таңдалған PDF файлы Импорт немесе Жүктеу пернесіне басу арқылы ашылады ⑥.

PDF-ты mozaBook дәптері ретінде сақтау

Импортталған PDF файлдарын дәптерлер ретінде сақтауға болады ⑦.

Файлға ат беріңіз, оған мұқабә, тақырып, сынып таңдаңыз және мазмұнға қатысты кейбір бөліктерді көрсетіңіз.

Сонан соң Сіз PDF-ты өзіңіз ашатын дәптерлерден табасыз.



1. Негізгі навигация функциялары

Басылымдарды ашқан соң парақтау нұсқарымен **1** алдыға және артқа парақтай аласыз, Құралдар тақтасындағы Беттің саны мәзірінің көмегімен **2** қалаған бетіңізге өте аласыз.

2. Мазмұн, беттің миниатюралары

Мазмұн иконына **3** басқанда Құралдар тақтасында қажетті мазмұн ашылады. Тараудың атауына басқанда бағдарлама қалаған бетке көшеді.

Тақырыптың қосымшалардың **4** көмегімен Мазмұн мен Беттердің арасында ауысуға болады. Таңдалған беттің миниатюрасын а басып **5** оның мазмұнын қарауға ауысуға болады.


3. Көріністер, үлкейту

Кейбір қызылжолдарды, мәтін алаңдарын, суреттерді оларға басып белгілей және оларды үлкейте аласыз.

Бет көрінісі тақтасында **6**, Сіз

- беттің бір бөлігін үлкейте аласыз,
- бір беттік және қос беттік көріністі ауыстыра аласыз,
- егер бірнеше басылым ашық болса, онда қос кітаптық көріністі орнатуға болады.

Қос кітаптық көрініс жағдайында Сіз кітаптарды және дәптерлерді ауыстыра аласыз, ол үшін тақырыпттағы, нұсқарды **7** басасыз. Бір уақытта ең көп дегенде 6 басылымды ашуға болады.





4. Тасалау

Таныстырылым барысында бет бөліктерін немесе бүкіл бетті уақытша жаба тұру **8**, фонды өшіру немесе қараңғылау пайдалы болуы мүмкін.

Функцияға қол жеткізу үшін Құралды Тасалау иконына басыңыз **9**.

Тік төртбұрыш немесе эллипсис пішінді тасалау үшін және өлшеу үшін оны беттің кез келген жеріне қоя аласыз, инверстік тасалау да жасай аласыз **10**.



Басылымдарды жаңарту

Кейбір mozaBook басылымдарының мазмұны өзгеруі мүмкін (мәселен, жаңа білімдермен, экстрa қосымшаларменн толығады), сондықтан басылымдарды жаңарту міндетті болады.

mozaBook-қа кірген соң басылым таңдау интерфейсінде компьютеріңіздегі mozaBook басылымдарының ішінен ең соңғы әрі жүктеуге болатын нұсқалардың қайсысы қолжетімді екендігі туралы ақпарат беріледі ①.

Басылымды таңдап, оны сонан соң Жүктеуге ② басып қажет асылымды жаңартуға болады.



Сыбыр • Ашу тақтасының кітаптар мәзірін ③ таңдап, үнемі басылымдарыңыздың қазіргі жағдайын қадағалап, оларды жаңартып, жүктей аласыз ④.

Дәптерлерді жаңарту (синхрондау)

Егер дәптерлеріңізде автоматты синхрондау функциясын пайдалансаңыз, онда кітаптарды жаңартқан секілді бағдарлама Сіздің интернет аккаунтыңызда дәптерлеріңіздің қайсысының соңғы нұсқалары бар екенін ескертеді. Сөйтіп Сіздің дәптерлеріңіз үнемі синхрондалады.


Жаңа басылымды сатып алу

Жаңа mozaBook басылымдарын mozaWeb-тің веб-дүкенінен сатып алуыңызға болады. Сонан соң mozaBook бағдарламасының көмегімен оларды өз компьютеріңізге жүктей аласыз, сонда пайдалана аласыз.

- Сатып алу үшін интернет аккаунтыңыздың пайдаланушы аты және құпиясөзіңіздің көмегімен mozaWeb-ке кіріңіз.
- Веб-дүкеннен сатып алғыңыз келетін цифрлық басылымдардың ішінен таңдаңыз, сонан соң нұсқаулық арқылы оларды сатып алыңыз!
- Сатып алу сәтті аяқталған соң кітаптардың белсендіру кодтары Сізге электронды мекенжайыңызға жіберіледі.

Сыбыр

mozaBook-те веб-дүкенді ашу үшін Жаңа басылымды қосу иконына басып ①, Интернеттен сатып алу мәзір амалын таңдаңыз ②.




mozaBook-ке Жаңа басылымды жүктеу

- Егер сатып алған соң кітаптың белсендіру кодын тағайындасаңыз mozaWeb аккаунтыңызға mozaBook-ке аккаунтыңызбен байланысқан жергілікті пайдаланушы ID-ы арқылы кіріңіз!

Бағдарлама басылымды жаңарту секілді басылымды таңдау интерфейсінде Сізге қолжетімді жаңа кітап туралы мәлімет береді ③. Кітапты таңдаңыз, сонан соң Жүктеу иконына басыңыз ④.



- Егер mozaWeb аккаунтыңызға белсендіру коды әлі тағайындалмаса, онда Жаңа басылымды қосу мәзірінен Белсендіру кодын беру функциясын таңдаңыз ⑤. Ашылған тақтада басылымның кодын жазыңыз ⑥, сонан соң кітапты жүктеңіз! Кітап mozaWeb аккаунтыңызбен байланысады, сөйтіп оған басқа компьютерде де қол жеткізе аласыз.



Басылымдардың экстра мазмұндары

mozaBook басылымдарына алдын ала дайындалған көрнекті материалдар, цифрлық мазмұндар (3D үлгілер, фильмдер, дыбыстық материалдар, суреттер, интерактив тапсырмалар ...) икондары 1 орналасқан, таңдалған мазмұн оның иконына басқанда ашылады.

- Сабақтарды тартымды етеді, а көрнектілік деңгейін арттырады және білім беру үдерісін табысты етеді.

3D үлгілер 2

Олардың көмегімен бұрынғы замандардағы және қазіргі еңбек құралдарымен, машиналармен танысасыз, көне дәуірлерге саяхат жасап адам денесінің жұмбақтарына, химия әлеміне үңіле аласыз.

- Үлкейетін, айналатын үлгілер.
- Бірегей интерфейсті пайдалануды оңай меңгеруге болады.
- Көптеген үлгілерді наррациялы анимациялардың көмегімен қарауға болады.

Видеолар 3

Басылымдарға қойылған фильмдердің арасында

- физикалық, химиялық және биологиялық тәжірибелерді көрсететін видеолар,
- табиғат туралы фильмдер, деректі фильмдер, білім беру фильмдері,
- ертегілер, әдеби шығармалар, фильм бөліктері және басқа видеолар бар.

Басылымдарда аудио материалдар, суреттер, түсіндірме кескіндер және интерактив тапсырмалар болуы мүмкін.




Өз мазмұндарыңыз, тапсырма парақтары

Сізде бар экстраларға Медиа-лексиконның көмегімен өз мазмұндарыңызды да орналастыра аласыз. Тапсырмаларды редакциялау және құралдардың көмегімен көрнекті тапсырмалар парағын оңай дайындай аласыз 4, оларды бұрынғыдай басылымдарыңызға орналастыра аласыз, сонымен бірге оларды үй тапсырмалары ретінде де бере аласыз.

Динамикалық экстралар

mozaBook ашылған кітапты, PDF файлын, басылым мазмұнымен байланысты эктра мазмұндарымен толықтыруға қабілетті.

Құралдар тақтасынан Экстралар иконына басыңыз ①, сонан соң ашылған тақтада Динамикалық экстралардың пайда болуын қосыңыз ②.



Қалай таңдауға болады?


Динамикалық экстралар терезесінде ③ бағдарлама басылыммен байланысты экстраларды ұсынады.

Парақтың элементтеріне екі рет нұқып ④ ашыңыз, өзіңізге ең сәйкес мазмұндарды іздеңіз.

Іздеудің тиімді болуы үшін

- Табылғандарды олардың жанындағы жұлдыздардың түсін ауыстыру арқылы бағалаңыз ⑤!
- Жаңа кілт сөздерді жазыңыз ⑥ және тізімді жаңартыңыз ⑦!

Таңдалған басылымдарды тікелей ⑧ дәптерлеріңізге, кітап парақтарыңызға апара аласыз, сонан соң оларды сол жерден де аша аласыз.




Сыбырлар

- Ұсынылған экстралардың арасынан өзіңізге қажетін таппасаңыз, онда тақтадан Медиа-лексиконды тікелей аша аласыз ⑨ және өз бетіңізбен іздеуді жалғастыра аласыз.
- PDF файлдарын импорттау кезінде де динамикалық эктра функциясын қоссаңыз, оларды ашқан соң автоматты экстралар тізіміне бірден қол жеткізе аласыз.

1. 3D мазмұндарды қайдан таба аласыз?

Құралдар тақтасындағы Медиа-лексикон иконына басыңыз ① және 3D көрінісі мәзірін таңдаңыз ②! Ашылған Медиа-лексикон терезесінде таңдаған 3D көрінісіне екі рет нұқыңыз, немесе оны ашық басылымға сүйреп әкеліңіз.


Тақырып бойынша таңдаңыз!



2. Сүзу, іздеу

Көрінген мазмұндарды тақырыптарға ③ және сыныптарға байланысты ашылған терезеде сүзе аласыз.



Егер нақты бір 3D үлгісін іздесеңіз, "Іздеу" мәзірін таңдаңыз ④!



Әр түрлі теңшелімдер мүмкіндігі


3D құралының жұмыс істеу теңшелімдерін өзгерте аласыз.

- Сол және оң бұрышты тік созып, жарық күшін реттеңіз ①!
- Терезенің сол немесе оң бұрышты тік созып, үлгіні үлкейтеңіз немесе кішірейтіңіз ②, немесе сол үшін тек екі саусағыңды пайдаланыңыз!
- Терезенің ортаңғы бөлігін қозғап, үлгіні айналдырып ③, өзіңізге қалаған көріністі теңшеңіз!
- Төменгі жолақта бұдан да көп үлгі немесе алдын ала теңшелген көріністердің арасынан таңдай аласыз ④.
- Жылдам мәзірден басқа мүмкіндіктерді таба аласыз, олар сол немесе оң бұрышқа, сондай-ақ терезенің кез келген нүктесіне басқанда пайда болады ⑤.



Сыбыр

Берілген 3D-ға қатысты мәліметтерді, жазбаларды көрсетіңіз немесе оған байланысты үлгілердің арасынан терезенің үстіндегі икондардың көмегімен таңдаңыз ⑥. Жылдам мәзірден тыңдау функциясын белсендіріңіз ⑦, сонан соң үлгілер жазуына басып ⑧ оларды тыңдаңыз. 3D-ға қатысты анимацияны наррациясымен бірге тыңдаңыз ⑨. Төменгі тақтадағы Тапсырма пернесіне шертіп, мазмұнға қатысты сұрақтарды табасыз ⑩, және әр түрлі тапсырмаларды да орындай аласыз.




Серуен функциясы

Кейбір 3D анимацияда Сіз Серуен иконына басы арқыылы көріністе “жаяу” серуендей аласыз ①.

- Джойстиктің көмегімен ② экранның төменгі жағындағы, мәселен, Акропольде қыдыра аласыз немесе Бастилия мұнарасынан айналаны тамашалай аласыз.
- Сондай-ақ көріністегі кез келген нүктені шертіп, кеңістікте орын ауыстыра аласыз.

Сыбыр • 3D көрінісін қарағанда Скриншот иконына басып ③ Сіз қарайтын көріністі сурет түрінде дәптерге немесе оқулыққа апарып қоя аласыз. Қойылған суреттің өлшемін өзгерте аласыз, орнын ауыстыра аласыз және оны жылдам мәзірде аша аласыз.



Интерактивті үлгілер кітап беттерінде

3D анимациялардың кейбір интерактивті айналмалы элементтерін оқулықтардың және дәптерлердің беттеріне тасымалдауға болады, онда олар дербес компоненттер ретінде жиектемесіз және фонсыз жұмыс істей береді.

Көріністің атауындағы Кітап иконкасына басыңыз ④, және белгіленген элементті ⑤ Сіздің басылымыңыздың бетіне апарыңыз ⑥!




1. Видеоны қайдан табуға болады?

Құралдар тақтасында Медиа-лексикон иконына басып ①, Видео мәзірін таңдаңыз ②! Ашылған Медиа-лексикон терезесінде таңдалған видеоны ойнату үшін оны екі рет нұқыңыз!

Тақырып бойынша іздеңіз!

Сыбыр


Видеоны басылымыңызға кіші және үлкен икон, минатюра түрінде, сондай-ақ интерактив тәсілімен орналастыра аласыз!



2. Іздеу, ойнату


Тақырыптар мәзірінен қалаған тақырыбыңызды таңдаңыз ③. Егер нақты бір видеоны іздесеңіз, Іздеу алаңқайын таңдаңыз ④, сондай-ақ ойнату тақтасының Іздеуін де пайдалана аласыз ⑤.

Видеоға екі рет нұқып ойнатыңыз немесе ашылған дәптеріңізге, басылымыңызға апарыңыз, орнатыңыз ⑥. Байланысты видеолардың арасынан басқа қызықты мазмұндарды таңдай аласыз ⑦.





1. Видеоларды қайдан табуға болады?

Құралдар тақтасындағы Құралдар иконына басып ①, Видеотека мәзірін таңдаңыз ②!



Анимация қабырғасында саусағыңызды сырғытып, видеолардың арасынан таңдап, ойнатыңыз ③!






2. Іздеу, ойнату

Анимация қабырғасының төменгі жағындағы тақырыптар икондарының арасынан таңдаңыз, қабырға таңдалған категорияның мазмұнына қарай сырғиды ④. Категория атауына басып, тақырып бойынша басқа видеолар арасынан таңдай аласыз.

Ойнату үшін видеоға басыңыз! Видеоны тоқтатып, сонан соң экранның ортасына басып, қайтадан ойнатыңыз ⑤! Терезенің оң немесе сол жағына басып, алға немесе артқа жылжытыңыз ⑥!

Сыбыр ⑦

-  Толық экран режиміне ауыса аласыз.
-  Ұқсас мазмұнды видеоларды көрсете аласыз.
-  Анимация қабырғасына қайтып оралуыңызға болады.

1. Басылымдағы қабаттар


Басылымдардың өзара байланысты, ажырап-қосылатын қабаттары әр түрлі мазмұндармен толықтырыла алады.

- Мұндай басылымға байланысты қабатта (Mozaik экстралар) ① tozaBook әр түрлі эктра толықтырулар (суреттер, видеолар, 3D үлгілері, тапсырмалар және т.б.) сақталады.
- Кейбір басылымдарда шешім қабаты (Шешімдер) болады.
- Сіз де өз қабатыңызды (Қабатым) құра аласыз ②, бір басылымға сурет салуыңызға, бір нәрсені белгілеуіңізге немесе эктра мазмұндармен толықтыруыңызға болады.
- Басқалардың бөліскен қабаттарын да пайдалануыңызға болады (Пайдаланушы қабаттары) ③.

2. Қабаттарды пайдалану

Қабаттарды басқару үшін Құралдар тақтасында Қабаттар иконына басыңыз ④.

Мәзірде басылыммен байланысты, Сізге қолжетімді, Сіз қарай алатын қабаттарды көре аласыз.



Сыбыр • Байланысты тақырыпасты мәзірден ⑤ Медиа-лексиконды пайдаланып, мазмұны басылымға сәйкес дәптерлерді және тапсырмаларды аша аласыз.




3. Синхрондау, бөлісу

Басылымдарға тиесілі өз қабаттарыңызды tozaWeb-ке жүктеп, жарияласаңыз, онда оларды басқаларға қолжетімді ете аласыз, ол үшін Құралдар тақтасында Ашу иконына ⑥ басып, Бөлісу мәзірін таңдаңыз ⑦!

Автоматты синхрондау ⑧ мүмкіндігін таңдағанда, өз қабаттарыңыз автоматты түрде tozaWeb интернет аккаунтыңызға сақталады, сөйтіп басылымдарыңыз әрқашан синхронды болады.

Кітаптарыңызды tozaWeb-ке интернет байланысынсыз-ақ, флэш-дисктің көмегімен Синхрондау мәзірінде де синхрондай аласыз ⑨.




1. Құралдарды қайдан таба аласыз?

Құралдар тақтасында Құралдар иконына басыңыз ①!



Қосымшалардың көмегімен терезеде құралдар немесе ойындардың қайсысының пайда болуын таңдаңыз ②!




2. Қажетті қосымшаны табыңыз!

Қосымшалардан тақырып немесе сынып бойынша таңдаңыз ③.

Көріністі өзгертіңіз ④, құралдарды пайдалануға көмек қажет болса ⑤, мәтін-сыбырды және видео-сыбырды пайдаланыңыз.


Егер бір құралды белгілеп ⑥, қажет құралдар ретін таңдасаңыз ⑦, онда құрал тізімінің алдына қойылады.



3. Қалыпты сақтау, құралдарды қою

Құралдың қазіргі қалпын (мәселен, бір редакцияланған тәжірибені немесе бір теңшелген көріністі); ашылған басылымыңызға Құралды Қондыру мәзірінің көмегімен сақтай аласыз ⑧. Бір құралды кіші және үлкен икон ретінде қоя аласыз ⑨ немесе сурет етіп орналастырып, кейін оны аша аласыз. Егер бір құралды интерактив элемент түрінде ⑩ қойсаңыз; онда дәптеріңіздің бетінде жұмыс істей береді.

Сыбыр • ДҚұралдардың мәтінді және суретті мазмұндарын дәптеріңізге, оқулығыңызға апара (көтере) аласыз, сөйтіп осы мазмұнды таныстырылымдарыңызды дайындау барысында пайдалана аласыз ⑪.



Дағдыларды дамыту ойындары ▼

Бұл құралдар ең кішкентай оқушылардың дағыларын дамытады алған білімдерін ойын түрінде жаттықтырып, бекітеді.

mozaTools
Көбейту кестесі



Практикалық құралдар


Сабақта жасаған тапсырмалардың нәтижесінде алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік жасайды. Орындаған тапсырмаларының сәттілігін бағдарламалар өз бетінше бағалайды жариялайды, сөйтіп оқушылар өз нәтижелері туралы ақпаратты қолма-қол алады.

Көрнекі құралдар ►

Оқытылатын пәннің ерекшелігіне байланысты мақсатты пайдаланылатын жинақтамалар. Олардың ішінде белгілі бір пәнді оқытуға қажетті құралдарды табуға болады.



mozaTools
Музыкалық құралдар



mozaTools
Электр тақтасы

◀ Тәжірибелерде қажетті виртуалды құралдар

mozaBook-тің ең күрделі құралдарының көмегімен тақтада, компьютерде шын тәжірибелерді жасағандай боламыз. Еркін әр түрлі тәжірибелерді құруға болады.

Уақытқа саяхат

Уақыт машинасы атақты адамдарды, тарихи тұлғаларды әр түрлі көріністе көрсетеді.

Хронологиялық көрініс • тұлғаларды бір уақыт жолағында істеген қызметтеріне қарай топтарға орналастырады ①.



Өзара байланыс көрінісі • бір атақты тұлғаның мәліметтерін сүзу шарттарымен 30–40 тұлғаны сұрыптап алады. Сүзу шарттарын Теңшелім мәзірінде ② икондарды қозғалтып өзгерте аласыз ③.

Қалай жұмыс істейді

Уақыт машинасы құралын іске қосыңыз. Уақыт жолағын айналдырып тарихтағы атақты тұлғаларды көре аласыз.

Құралдар иконымен ④ әр түрлі көріністерді ауыстыра аласыз.

Егер нақты бір тұлғаны іздесеңіз, Іздеу алаңын пайдаланыңыз ⑤.




Викторина

- Тапсырмалар пернесіне басыңыз ⑧.
- Сұрақтарда айтылатын тұлғаны таңдаңыз (Іздеу ⑨ және сүзу ⑩ функцияларын пайдаланыңыз).
- Тапсырма түрін таңдаңыз және ойынды бастаңыз.

Сіздің сұрақтарға жауап беретін уақытыңыз шектеулі, ойын кезінде тек үш сұраққа қате жауап беруге болады.

Келесі тапсырмаларды Тапсырмалар редакторы арқылы редакциялай аласыз.




Бір тұлғаға түртіп ⑥ ашылған терезеден ⑦ басқа функцияларға қол жеткізе аласыз.

Нақты тұлғаны белгілеп, байланыс көрінісіне ауыса аласыз.

Википедиядан оған қатысты мақаланы ашыңыз.

Тұлғаға байланысты басқа ақпараттарды, оқиғаларды көрсете аласыз.




Тартымды тәжірибелер және ойындар

Механика құралының көмегімен шын тіршілік ортасында динамика заңдылығын, әр түрлі күштік әсерлерді және қозғалыстарды бақылай аласыз.

Механика құралын іске қос. Құралдар жинақтамасындағы **1** заттарды пайдаланып тәжірибеңіздің бастапқы қалпын орнатыңыз.


- Таңдалған заттарды **2** ұстап, үстелге апарыңыз,
- қажет болса өлшемдерін өзгертіңіз және айналдырыңыз **3**,
- заттың жергілікті мәзірінде **4** басқа мүмкіндіктерді табасыз (телнұсқаларын жасай аласыз, жоя, көрсете және сипаттарын өзгерте аласыз).

Ойнату иконына басып **5** тәжірибені аяқтаңыз.



Тез әрі оңай

Үйшік иконына басыңыз **6** және бір алдын ала құрастырылған тәжірибені немесе ойынды таңдаңыз. Ойнату иконы арқылы таңдалған үлгіге жан бітіріңіз.



Тәжірибені немесе ойында дәптеріңізге сурет ретінде орналастыра аласыз **7**.

Тәжірибе жасаңыз

- Тәжірибе құралдарының сипаттарын **8**,
- ойнау жылдамдығын **9**,
- немесе гравитация мөлшерін өзгертсеңіз не болады **10**?




1. Ойынды қайдан табуға болады?

Құралдар тақтасында Ойындар иконына басыңыз ①!



Қосымшалардың көмегімен терезеде ненің пайда болатынын таңдаңыз: құралдар әлде ойындар ②!

2



2. Қайсы ойынды таңдайсыз?

Ойындардың бай жинақтамасынан тілдік, математикалық, логикалық және концентрациялық ойындардың арасынан таңдай аласыз.



Ойынды іске қосу үшін оған басыңыз!

Уақытыңызды жақсы өткізіңіз!



3. Ойынға көмек

Сұрақ белгісіне басып ③, ойынның сипаттамасын оқи аласыз!



Сыбыр

Ойындарды басылымыңызға кіші және үлкен икон түрінде немесе сурет түрінде немесе интерактив элемент ретінде орналастыра аласыз ④.

1. Сурет салу құралдарын қайдан табуға болады?

Сурет салу құралдарын әр түрлі тәсілмен көре аласыз. Құралдар тақтасында Қолмен сурет салу ① немесе Қаламсауыт иконына ② басыңыз, немесе экранның астыңғы бір бұрышына басыңыз ③!



Сиқырлы қалпаққа бассаңыз ④, жаңа функциялар көрінеді! Бұл икон басқа жерлерде де кездесуі мүмкін, оның көмегімен қарапайым функциядан күрделі функцияларға дейін пайдалана аласыз.




2. Не үшін пайдаланылады?

mozaBook сурет салу функциясы арқылы басылымдарыңызды емін-еркін иллюстрациялай аласыз.

қолмен сурет салу
қисық сызықтар жүргізу
мәтінді тану қаламұшы
мәтін маркері
байланыстар диаграммасы
өшіргіш
мәтінді енгізу
құю
формулалар редакторы
кесте




түзу сызық салу
фигурларды танушы қаламұш
жоғалатын сызық
қылқаламы
геометриялық фигуралар
себет, жою
белгілеу, қозғалту
анимация дайындау
геометриялық құралдар
медиа-лексикон



Сыбыр


- Геометриялық фигуралар сызғыш, транспортир, циркульдердің көмегімен салынады.
- Суреттерді, фотосуреттерді және басқа нысандарды оңай себетке апарып, жою аласыз.
- Егер тақтада әлденеге назар аудартқыңыз келсе, сиқырлы қарындашты пайдаланыңыз.




1. Тапсырмалар не үшін керек және оны қайдан табасыз?

Тапсырмалар редакторының көмегімен әр түрлі, көрнекті тапсырмаларды және көптеген тапсырмалар парағын дайындай аласыз.

Құралдар тақтасынан
Құралдар иконына басыңыз ①,
және Тапсырмалар редакторын таңдаңыз ②!




Тапсырмаларды құру үшін бірінші қадам ретінде қандай тапсырма ③.
Тапсырмалар редакторында көптеген тапсырмалар бар: қарапайымнан күрделі, карталы тапсырмаларға дейін.



2. Тапсырмалар шаблонны

Тапсырманың нақты бір түрінің ішінде құрылысы және безендірілуі әр түрлі тапсырмаларды құра аласыз. Тапсырмалар тек мәтінді болуы мүмкін, бірақ медиа-лексиконның көмегімен мультимедиялық мазмұндарды да орналастыра аласыз.

Тапсырманы құру үшін қай шаблонды пайдаланғың келеді, таңда ④!



Сыбыр


Тапсырмаларды дайындауда Медиа-лексиконнан алынған мультимедиялық мазмұндар үйлестірілген суреттер, аудиолар және видеолар болуы мүмкін.

1. Тапсырмаларды редакциялау

Тапсырманы таңдалған шаблонға сәйкес мәтінді және мультимедиялық мазмұндармен толтырыңыз, сонан соң дұрыс шешімді белгілеңіз!

Шаблондардың кейбір элементтерін, шешімдердің сандарын ① немесе тапсырманың безендірілун өзгерте аласыз ②!


Дайын тапсырманы ③ басылымға орналастырып немесе басқа тапсырмаларды қосып, тапсырмалар парағын құрастыра аласыз.



Жаңа тапсырмаларды қосу үшін дайын тапсырманы редакциялауды жабыңыз ④, сонан соң жаңа тапсырма құрыңыз ⑤! Тапсырмалар парағының тапсырмаларына оң жақтағы астыңғы иконға ⑥ басып қол жеткізесіз. Егер жұмысыңызды аяқтасаңыз; тапсырмалар парағын басылымға үйлестіріп ③, сақтауыңызға болады.

2. Тапсырмаларды орындау, тексеру


Иконына басып бір тапсырманы ойнатыңыз! Тапсырманың түріне сәйкес дұрыс жауаптарды белгілеңіз, байланыстырыңыз, қатарға тізіңіз.



Тапсырмалардың жауаптарын "қарғаша" пернесіне ⑦ басып, олардың дұрыс-қателігін тексере аласыз.

3. Бұрын құрылған тапсырманы қалай редакциялауға болады?

Бұрын құрылған тапсырманы өзгертіңіз келсе, онда қойылған тапсырманың иконын басып, сонан соң жергілікті мәзірде Редакциялау әмірін таңдаңыз ⑧.




Құралдардың көмегімен тапсырманы редакциялау

mozaBook-тің кейбір құралдары олар автоматты түрде құрған тапсырмаларды Тапсырмалар редакторына береді, сөйтіп қысқа уақыт ішінде көрнекті тапсырмалар парағын дайындай аласыз.

Тапсырманы құру үшін

- Тапсырмалар редакторын
- және осы функциясы бар құралды іске қосыңыз!



Құралда тапсырма режимін таңдаңыз ①, және қажет болса, құрғыңыз келетін тапсырма түрін орнатыңыз.



Тапсырмаларды ойнату барысында өзіңізге қажетін тапсаңыз, Тапсырманы беру иконына басқанда ②, таңдалған тапсырма Тапсырмалар редакторына беріледі, онда оны кейін де редакциялай аласыз.

Артықшылықтар

- Тапсырмаларды ойдан шығару керек емес,
- сурет іздеу керек емес,
- тек тақырыпты таңдаңыз, тапсырма дайын!

Тапсырманы кейін де редакциялауға болады.



3D үлгісіндегі тапсырмаларды редакциялау


Көптеген 3D үлгісі автоматты түрде тапсырмалар жасауға және оларды тапсырмалар редакторына беруге қабілетті.

Егер бұл функция нақты үлгінің бір көрінісінде қолжетімді болса, онда төменгі жолақта көрінетін иконға ① басыңыз. Ашылған тақтада қолжетімді тапсырмалардың арасынан ② таңдаңыз! Құру пернесіне басқанда ③, тапсырма автоматты түрде ашылған тапсырмалар редакторына ауысады. Әр түрлі көріністе әр түрлі тапсырмалар жасауға болады.



Тапсырмаларды қалай орындауға болады?

- Тапсырмаларды тиісті орнына апарыңыз ④,
- мәтінді берілген сөздермен толтырыңыз ⑤,
- жұптарымен қос, дұрыс жауапты таңдаңыз.



Оқулығыңызбен байланысты 3D үлгісін іздеңіз және сәйкес көріністі және тапсырма түрін таңдаңыз.

Тапсырманы құрмай тұрып, редакциялауыңызға болады.


Қажет болса, Тапсырмалар редакторында тапсырманы ары қарай ⑥ редакциялай аласыз, сонда тапсырманың талаптарыңызға сәйкес болады.

1. Тапсырмалы операциялар

Егер тапсырмалар парағы бірнеше тапсырмадан тұрса, олардың қалаған тәртіппен орналастыра аласыз. Тапсырмалар парағы тақтасын ашыңыз ①. Қай тапсырманы жылжытқыңыз келетінін таңдаңыз, сонан соң тиісті жерге апарыңыз ②!




Қазір пайдаланатын тапсырманы редакциялай аласыз ③, мазмұнын (сурет, видео, аудио, мәтін) оңай өзгерте аласыз. Егер құралдар тақтасында ④ Палитра иконына бассаңыз ⑤, тапсырманың безендірілуін де ауыстыра аласыз ⑥.



2. Тапсырмалар парағының теңшелімдері

Құралдар тақтасында Теңшелімдер иконына бассаңыз ⑦ тапсырмалар парағының теңшелімдері ашылады. Мұнда жасалған теңшелімдер тек нақты бір тапсырмаға емес, барлық тапсырмалар парағына қатысты.



Сыбырлар

- Тапсырмалар парақтарына Титул, Ақпар және Нәтиже беттерді дайындауыңызға болады, сондай-ақ тапсырмалар парағын орындауға пайдаланылатым уақыт шегін ⑧ де белгілей аласыз.
- Тапсырмаларды ойнату кездейсоқ тәртіппен де жүзеге асады, сондай-ақ түзету мен кері шегінуге де рұқсат ете аласыз.
- Дайын болған тапсырмалар парағын mozaWeb-ке жүктеп ⑨, басқаларға да қолжетімді етуіңізге болады.
- Кейбір mozaBook нұсқаларында тапсырмаларды үй тапсырмалары ретінде де бере аласыз.


1. Дәптерлерді не үшін пайдалануға болады?

mozaBook-те өз дәптерлеріңізді құрып, оған жазып, сурет салып және әр түрлі цифрлық мазмұндармен (суреттер, видеолар, аудиолар, 3D үлгілері, тапсырмалар) толықтыра аласыз.

Көрнекті таныстырылымдар, сабақ жоспарларын дайындай аласыз және оларды цифрлық кітаптарыңыз секілді пайдалана аласыз ①.

Дәптерлеріңізді mozaWeb аккаунтыңызға сақтай, жүктей аласыз және басқаларға да қолжетімді ете аласыз.

Интернетте синхрондау арқылы mozaBook бағдарламасы орнатылған кез келген компьютерде дәптерлеріңізге де қол жеткізе аласыз.



2. Дәптерлер қалай ашылады?



Құралдар тақтасында Ашу иконына басыңыз ② және Дәптерлер мәзірін таңдаңыз ③.

Пайда болған терезеде ④ дәптерлеріңіз көрінеді.

Ашу үшін қажетті дәптерге нұқыңыз.

Егер тізімде басылым тым көп болса, онда тақырыпттағы сүзгілермен тақырып және сынып бойынша азайтыңыз ⑤.

Теңшелімдер иконына басып ⑥, дәптерлеріңізді тізімнен өшіре аласыз.



Сыбыр

mozaWeb-те де Сізге қажетті дәптерлерді таба аласыз.


Жүктеу иконына басыңыз ⑦, сонан соң ашылған Медиа-лексикондағы тізімнен дәптерді таңдаңыз жүктелген дәптерді бұдан былай өз компьютеріңізде пайдалана аласыз.

1. Жаңа дәптерді қалай құруға болады?

Дәптеріңіз ашық болмаса, онда Құралдар тақтасынан Жаңа бет иконы арқылы бір дәптер құра аласыз ①. Егер ашық дәптеріңіз бар болса, онда осы иконға басып, оған жаңа бет қоса аласыз.



Дәптеріңіз ашық болса және жаңа дәптер құрғыңыз келсе, онда Құралдар тақтасында Ашу иконына басып, Жаңа дәптер құру мәзірін таңдаңыз ②.




2. Дәптер сипаттарының теңшелімдері

Бағдарлама жаңа дәптерді құрмас бұрын, оның сипаттарын теңшеу керек болады!

- тік және көлденең форматты таңдай аласыз (бір бетті немесе қос бетті көріністі) ③,
- дәптердің сызықтарын да таңдай аласыз,
- фон суретін таңдай аласыз ④,
- дәптер бетінің түсін де теңшей аласыз.


Теңшелімдерді бекіту үшін "қарғашаға" басыңыз ⑤!



3. Шаблондардың көмегімен тіпті оңай

Алдын ала құрастырылған макеттердің (шаблондардың) көмегімен құрылымы мақсатыңа сай дәптерлерді дайындай аласыз.


- Шаблондар қосымшасынан ⑥ өзіңізге қажетті таңдаңыз ⑦, сонан соң жиектемені мазмұнмен толтырыңыз.
- Сіз жиектеменің өлшемін өзгерте аласыз және оларды дәптердің бетінде қозғалта аласыз.



4. Дәптерлерді сақтау

Сақтау үшін Құралдар тақтасында Ашу иконына басыңыз және Сақтауды таңдаңыз.

Дәптеріңізге атау беріңіз ⑧, оған тақырып, сынып және мұқабасурет таңдаңыз ⑨. Қысқаша мазмұнын да жазыңыз.



Сыбырлар

- Таныстырылымдарды дайындау үшін көлденең альбом дәптерді пайдаланған едәуір тиімді, ал сыныпта пайдалануға қос бетті форматты таңдаған дұрыс. Дәптерді құрғанда беттерді өлшемдеріне де назар аударғаныңыз жөн ⑩.
- Дәптеріңіздің жаңа беттеріне таңдаған топтың ішінде кесдейсоқ арқа сурет таңдай аласыз ⑪.

1. Дәптерлеріңізді қалай безендіре аласыз?

Дәптер бетіне жазуыңызға, сурет салуға, сондай-ақ әр түрлі мультимедиялық және интерактив мазмұндарды қояуыңызға болады.

2. Дәптер бетіндегі операциялар

Белгілеу • Егер бір дәптер бетіндегі элементке ұзақ бассаңыз, оның айналасында жиектеме ① және бетте объектінің түріне сәйкес редакторлау тақтасы пайда болады ②. Бұл Құралдар тақтасында Белгілеу иконын басқанда да жүзеге асады ③, сонан соң элементке басыңыз. Бұл редакциялау режимі.



Өзгерту • Белгіленген элементті қозғалтып, өлшемдерін өзгертіп кесіп, жиектеменің бір нүктесінен айналдыра аласыз.

Жергілікті мәзір • Жиектеменің оң жақ бұрышына шерткенде ④ элементтің жергілікті мәзірі ⑤ ашылады, онда басқа өзгерту мүмкіндіктерін табасыз.

3. Жылдам мәзір

Дәптеріңіздің қалаған нүктесіне ұзақ басқанда жергілікті мәзір ⑥ ашылады, онда

- анимациялық тақтаны аша аласыз,
- дәптеріңізге жаңа бет қоса аласыз,
- дәптердің сипаттарын теңшей аласыз,
- беттеріңізді көрсете аласыз,
- қалаған бетпердені теңшей аласыз,
- үлкейте аласыз,
- бетті белгілей аласыз,
- бөліп көрсете аласыз, үйлестіре аласыз,
- бекіте аласыз және өшіре аласыз.



Сыбырлар

Мәтінді енгізгенде экранда ашылатын пернетақтаны да пайдалана аласыз ⑦, оны Пернетақта иконымен ⑧ қосып, ажырата аласыз.

Редактор тақтасын экранның қажетті жеріне жылжыта аласыз, тақтаның шетіне екі рет шертіп, жаба аласыз.


Күрделі математикалық тіркестерді кіріктірілген сурет редакторы арқылы дәптеріңіздің беттеріне оңай жаза аласыз ⑨.

Жиі қолданылатын элементтерді (Себет, Таңдаулылар, Галерея, Тапсырмалар тақтасы, ...) үстел иконы ретінде mozaBook интерфейсіне орналастыра аласыз ⑩.

1. Қайдан табуға және не үшін пайдалануға болады?


Құралдар тақтасынан Редакциялау тақтасын ашыңыз ① және Байланыстар диаграммасы мәзір пунктін таңдаңыз ②.

Құрал мен объектілерді байланыстырыңыз. Объектілерді қозғалса да байланыс үзілмейді. Бұл сурет салу функциясы арақатынастар мен үдерістерді көрсетуге жақсы пайдаланылады.



2. Объектілерді қалай байланыстырамыз?

Егер Байланыстар диаграммасы ашық болса ③, онда объектілерді таңдаған соң олардың арасына байланыс пайда болады.




Сыбырлар

Белгіленген мәтіндік алаңның пішінін Байланыстар диаграммасы тақтасында өзгерте аласыз ④.

Байланыстарды әр түрлі сызық стильдерімен, сондай-ақ нұсқарлармен белгілей аласыз ⑤.

3. Мәтіндік алаңды қалай құруға болады?



Байланыстар диаграммасы панелін ашыңыз және бос жерге екі рет шертіңіз, сонда мәтіндік алаң пайда болады ⑥. Мәтіндік алаңның ішіне басып, мәтінді редакциялай аласыз.

1. Анимация дайындағышты қайдан табуға болады?

Құралдар тақтасында Редакциялау тақтасын ① ашыңыз және Анимация мәзір пунктін таңдаңыз ②.

2. Анимация құру

1-қадам: Бұрыннан белгілі тәсілмен редакциялау тақталарын пайдаланып, анимацияның соңғы қалпын дайында: дәптер парағыңызда көркем суреттерді, құралдарды, мәтіндерді, суреттерді және т.б. дайындаңыз.




2-қадам: Анимация жасау иконына басыңыз! Сонан соң жоспарланған тәртіппен анимация элементтерін орналастырыңыз және көрініс сипаттарын бір-бірден орнатыңыз.

3. Бір объектіні (бір сурет) анимациялау

А) Анимация жасау тақтасын ашыңыз ②!


В) Анимацияланатын объектіге нұқыңыз (суретке) ③!

С) Анимация тақтасынан бір анимациялық мүмкіндікті таңдаңыз ④!



4. Анимацияны ойнату

Анимацияны құрған соң, теңшелімдер тақтасын жабыңыз ⑤. Сонан соң дәптер бетінің астында пайда болған кіші нұсқарлардың көмегімен оны көрсете аласыз ⑥.



1. Геометриялық құралдарды қайдан табуға болады?




Құралдар тақтасынан Редакциялау тақтасын ашыңыз ① және Геометрия мәзір пунктін таңдаңыз ② немесе Қаламсауыттағы геометриялық құралдар иконына басыңыз.


2. Оларды қалай пайдалануға болады?

Пайдаланғыңыз келген құралға шертсеңіз ③, ол дәптеріңіздің бетінде пайда болады!

Кейбір құралдарды әр түрлі нүктесінен "ұстап", әр түрлі функцияларды орындай аласыз. Көмек керек болса, құралдардағы сұрақ белгісіне басыңыз ④.

3. Циркуль және сызғышты пайдалану






1. mozaBook-тің Қондыру мәзірі

Бұл мәзірде басылымға эскиздерді, жазбаларды және сілтемелерді орналастыра аласыз.

2. Эскиздер, жазбалар

Құралдардың Қою мәзірінде 1 Эскиз мәзір пунктін таңдаңыз 2! Эскизді құру кезінде беттің өлшемін, фонының өрнегі мен түсін теңшеуіңіз керек 3.



Эскиз бетіне жаза аласыз, сурет сала аласыз, суреттерді үйлестіре аласыз Медиа-лексиконнан байланыс диаграммасын және анимацияны да дайындай аласыз.


Дайын эскизді басылымыңызға, дәптеріңізге үйлестіре аласыз!

Егер тек қарапайым мәтін жазбасын қондырғыңыз келсе, онда Жазба мәзір пунктін таңдаңыз 4!

3. Weblink, интернет-видео

Басылымдарға интернет сілтемесін және интернет-видео 5 да қондыра аласыз, оларды ойнату кезінде mozaBook өз браузерін көрсетеді.

Сілтеменің/видеоның атын беріңіз, (Атау), дәл веб-линкті жазыңыз (Сілтеме). Егер кілт сөздерді (Кілт сөздер) де жазсаңыз, онда қойылған сілтемені mozaBook іздеуі де тауып алады 6.



4. Бетке сілтеме

Сіз таңдалған басылымыңыздың нақты бір бетіне арнайы линк арқылы өте аласыз.

Бірінші қадамда өтетін бетті парақтап, Бет линкі мәзірін таңдаңыз 7! Сонан соң линкті қойғыңыз келетін жерге кері қайтып, қарғашаға басып, қондырыңыз!

5. Бетбелгілер

Кітаптарыңыздың дәптерлеріңіздің беттерін бетбелгілермен белгілей аласыз, оларға шертіп, қажет бетті аша аласыз.

Дәптерлеріңізді қалай тасисыз?


Егер Сіз дәптерлеріңізді бірнеше компьютерде ашқыңыз келсе, mozaBook Сізге екі мүмкіндік ұсынады.

1. Дәптерлеріңізді ақпарат тасушының, мәселен флэштің, көмегімен интернет байланысы жоқ кез келген жерде аша аласыз.
2. Интернет аккаунтыңызға жүктей аласыз, егер интернет байланысы болса, mozaBook орнатылған кез келген компьютерде аша аласыз.

1. Флэштің көмегімен синхрондау

Ашу тақтасында Синхрондау мәзіріне шертіңіз ①!

Ашылған терезеден дәптерді таңдаңыз ② және ақпарат тасушыны ③ таңдаңыз, сонан соң синхрондау үшін ортаңғы нұсқарға шертіңіз ④!




Егер бұдан соң Сіз флэшти басқа компьютерде пайдалансаңыз, Синхрондау мәзірінде дәптеріңізді қарама-қарсы бағыттағы нұсқармен синхрондай аласыз.

2. Интернет-аккаунтының көмегімен синхрондау


Бөлісу • Бөлісу мәзірінде ⑤ mozaWeb-те Жүктеу мүмкіндігін таңдаңыз ⑥.

Дәптерді кім көре алатынын теңшеңіз ⑦ және кейінгі іздеулерге мәліметтерді (Кілт сөздер, Тақырып, Сынып, Байланысты кітап). Дәптерді mozaWeb аккаунтыңызға жүктеңіз ⑧.



Жүктеу • Медиа-лексиконның тақтасында Дәптер мәзіріне басыңыз ⑨.

Қолжетімді дәптерлер тізімінен жүктегіңіз келгенді таңдаңыз және Жүктеу иконына басыңыз!




Сыбырлар

- Дәптеріңізде жасалған өзгерістерді интернет аккаунтыңызда автоматты түрде сақталатындай етіп теңшей аласыз ⑩.
- Егер Электронды хатпен бөлісу мүмкіндігін таңдасаңыз, дәптеріңізді таныстарыңызға электронды хатпен де жібере аласыз ⑪.

Қарауға қолайлы, тәртіппен орналасқан беттер

Жақсы қаралатын, көрнекті таныстырылымдарды mozaBook-тің анимацияланған шаблондарының көмегімен дайындаңыз.

Шаблондардың жиектемелерін дәптер беттерінде қозғалта аласыз және олардың өлшемдерін өз талаптарыңызға сәйкес өзгерте аласыз.





Оларды қалай пайдаланасыз?

Жаңа дәптерді құрған кезде Шаблондар қосымшасына басыңыз ①! Ашылған тақтада дәптер бетіне орналастыруды ②, стильді ③ және қалаған анимацияланған шаблонды таңдаңыз ④. Теңшелімдерді бекіту үшін қарғашаға басыңыз ⑤! Егер дәптеріңіз ашық болса, жергілікті мәзірде Беттің сипаттары пунктіне басып, Шаблондар қосымшасына қол жеткізе аласыз!



- Мәтін жиектемесіне басып, оған жазыңыз ⑥.
- Медиа-лексиконнан керекті жиектемеге мәтінге қатысты суретті, видеоны немесе 3D-ны апарыңыз ⑦.
- Суреттердің өлшемдерін ⑧, мәтін жиектемесінің санын ⑨ өзгерте аласыз және шаблонды анимациялауды іске қоса аласыз ⑩.

Сіз әр мәтінге бөлек суретті мазмұн таңдай аласыз. Дайын болған беттің мәтін бөлігіне басып, әрқашан оған қатысты сурет, видео немесе 3D-ны көрсете аласыз.



Дәптерлеріңізді mozaWeb-те ашыңыз

mozaBook-те құрылған және интернетке жүктелген дәптерлеріңізді mozaWeb-те де аша аласыз **1**. Цифрлық оқулықтарыңыз секілді парақтай аласыз және ондағы экстра мазмұндарды көрсете аласыз.

Mozaik TEACHER және Mozaik STUDENT-ке жазылуды сатып алу


- Медиа-лексиконның мазмұнына толық қол жеткізе аласыз **2**, олар пән бойынша тәртіппен орналасқан **3** бірнеше мың интерактив элементтен тұрады.
- Тақырыптық құралдарды және ойындарды пайдалана аласыз.
- Тапсырмалар редакторының көмегімен mozaWeb-те де тапсырмалар парақтарын құра аласыз, оларды оқушыларға үй тапсырмасы ретінде бере аласыз, олар тапсырмаларды mozaWeb-те де орындай алады.
- Дәптерлер бір мезетте бірнеше компьютерде ашылады, ашық дәптерлерде бірнеше оқушы шын уақыт режимінде бірге жұмыс істей алады, мұғалімдер оларды редакциялай алады **4** және бір-бірімен хат жазыса алады. (бірлескен жұмыс).



Дәптерді қайдан табуға болады?

mozaWeb-ке өзіңіздің mozaBook-те қолданатын mozaWeb онлайн-аккаунтыңыздың пайдаланушы аты және құпиясөзі арқылы кіріңіз.

Медиа-лексиконның Дәптер мәзір нүктесін **5** таңдасаңыз, mozaBook-те қолжетімді дәптерлерді көре аласыз. Тізімді тақырып бойынша сүзіңіз немесе іздейтін сөзді пайдаланыңыз. Ашу үшін таңдалған дәптерге басыңыз.



1. Басылымдар мәтінінен іздеу


Құралдар тақтасынан іздеу иконын таңдаңыз ①!



Ашылған тақтада белсенді басылымнан мәтінді іздей аласыз ②.

Табылған нәтижелерді mozaBook белгілейді. Егер бірнеше нәтиже табылса, онда олардың арасында нұсқарлар арқылы қозғалуға болады ③, ашылған бетте барлық нәтижені қарай аласыз ④.


Тізімнің кейбір элементтеріне басып ⑤, mozaBook басылымда соған ауысады.



2. mozaBook функциялары мен құралдары арасынан іздеу


Негізгі терезенің тақырыпатынан үлкейту иконын таңдаңыз ⑥! Ашылған тақтаға іздеу кілт сөзін жазыңыз ⑦.

Нәтижелер тізімінде mozaBook-тің Іздеу кілт сөз арқылы тапқан функциялары, құралдары және басылымдары пайда болады.




Әлдебір іздеу нәтижесінің жанынан Көз иконын ⑧ көрсеңіз, оған басқанда бағдарлама берілген функцияға немесе құралға қалай оңай mozaBook мәзір жүйесінде қол жеткізуге болатынын көрсетеді ⑨.

Егер тізімнің элементтерінің біріне бассаңыз, онда mozaBook сол функцияны, құралды немесе басылымды іске қосады.




Сыбыр • Іздеу тақтасының көмегімен бағдарламадан шықпай-ақ интернетте де іздей аласыз ⑩.





1. Көмекті қайдан табуға болады?

Барлық функцияға қажетті негізгі көмекті mozaBook сыбырындағы жиектеменің үстіңгі оң жақтағы бөлігіндегі сұрақ белгісіне басып таба аласыз ①.

Кейбір құралдарға байланысты көмекке і тікелей қосымшаларда қол жеткізе аласыз, ол үшін тақырыпттағы сұрақ белгісіне басыңыз ②. Мұнда басқа мүмкіндіктер арасынан таңдай аласыз.

 Мәтінді көмектің ашылуы ③.


 Видео-сыбыр mozaBook және кіріктірілген құралдарды пайдалануды үйренуге көмектеседі ④.




2. Іздеу


Сыбырда көмекті тақырып бойынша топталған түрде табуға болады. Алдыға, артқа парақтай аласыз ⑤ немесе кез келген жерден негізгі қалыпқа кері қайта аласыз ⑥.


Сыбыр терезесінің астында орналасқан іздеу алаңы да қажет көмекті табуға септеседі ⑦.





Сыбырлар

 Бірінші қадамдат мәзір пунктін таңдау арқылы mozaBook-тің ең көп пайдаланылатын функцияларымен таныса аласыз ⑧.

 Бағдарламаны пайдалануға қажетті кеңестерді, көмектерді аласыз ⑨.

 Егер компьютеріңізге бірнеше тілдегі mozaBook орнатылған болса, онда құралдың тілін де теңшей аласыз (10).

 Құралдың жұмыс істеуіне байланысты хабарлама да жібере аласыз ⑪.




1. Мультимедиялық рекордер деген не және оны қайдан табуға болады?

Бұл функцияның көмегімен аудиожазбаларды, экраннан видео жазбаларды дайындай аласыз. Қосымшаны Құралдар тақтасында Суретті сақтау иконына басып, іске қоса аласыз ①.




2. Суретті сақтау

Мәзірден экранның сақталу режимін таңдаңыз, сонан соң аумағын белгілеңіз. Солай сақталған суреттерді ② папкадан кез келген уақытта басылымыңызға үйлестіре аласыз.



4. Экран видеосын дайындау

Видеорекордердің көмегімен экранда болып жатқандарды жазып алуға болады, олардың аудиожазбасын жасауға да болады, ол үшін компьютеріңізде микрофон болуы керек. Видеожазба мәзірін таңдаңыз ⑤.



mozaBook-ты жасыру Көз иконына басып, ⑥ mozaBook-тан немесе компьютеріңде басқа қосымшадан жазба дайындай аласыз. Тұтас экранды немесе тек бір бөлікті жазатындай етіп теңшей аласыз ⑦.


Орнатылған мульти-медиа мазмұндарына Медиа-лексиконда немесе тікелей рекордер тақтасында қол жеткізе аласыз ⑧.

3. Аудиожазба дайындау

Егер компьютеріңіздің микрофоны бар болса, онда mozaBook аудиорекордері арқылы аудиожазбалар дайындай аласыз. Аудиорекордер мәзірін таңдаңыз ③! REC пернесіне басып, жазбаны іске қоса аласыз.




Жазуды тоқтатқан соң, автоматты түрде іске қосылады. Аудиожазбаны басылымыңызға қондыра аласыз ④, сондай-ақ оны кешірек Аудиорекордер тақтасында немесе Медиа-лексиконда тыңдай да аласыз.



1. Қалай басып шығаруға болады?

mozaBook-тен дәптеріңнің қалаған беттерін немесе тұтас мазмұнын да басып шығара аласыз. Тікелей принтерде немесе файлға басып шығара аласыз.

Функцияға қол жеткізу үшін Құралдар тақтасында Ашу иконына ① басыңыз, сонан соң ашылған тақтада Басып шығару мәзірін таңдаңыз ②!




2. Тікелей принтерде басып шығару

Егер компьютеріңізге принтер қосылған болса, онда ашылған мәзірде ③ принтер сөзіне басып, тікелей басып шығаруды таңдай аласыз ④.


Құрылғының мүмкіндіктерін назарға алып, теңшелімдерді жасаңыз!

- Қай беттерді басып шығарғыңыз келеді ⑤?
- Қағаз өлшемдерін таңдаңыз ⑥!
- Алаңдардың өлшемдерін орнатыңыз ⑦!
- Бір параққа қанша бетті басасыз ⑧?
- Түрлі-түсті немесе ақ-қара баспаны қалайсыз?
- Бір немесе екі бетті басылымды қалайсыз?
- Дәптердің қай элементтерінің (икондар, парақ беттері, жиектеме, жолақтары, фоны) баспада көрінгенін қалайсыз ⑨?



3. Файлға басып шығару

Басып шығарған кезде құрғыңыз келетін форматты (png, jpg, pdf немесе Microsoft XPS) таңдай аласыз. Оны басылымға қоя аласыз немесе кейінірек басып шығара аласыз.



Сыбыр

Басып шығару мәзірінің алдын ала қарау терезесінде ⑩ теңшелімдеріңіз басып шығаруға немесе алдын ала құрылған файлға қалай әсер ететінін бақылай аласыз.

1. Не үшін және қашан пайдалануға болады?

Мәтінді енгізген кезде – ашылатын пернетақтаның пернелерін басудың орнына – қолмен де жаза аласыз, mozaBook қол жазуын танитын қасиетке де ие.

2. Жүйелік талаптар

mozaBook қол жазуын танитын мүмкіндіктерді тек Windows 7, сондай-ақ операциялар жүйесін пайдалану арқылы қол жеткізеді.

Қол жазуын қай тілде танитыны компьютерге орналтылған тілге байланысты ①.


3. Қалай пайдалануға болады?

Құралдар тақтасында Қолмен сурет салу иконына басып ②, кестеге бірдеңе жазыңыз ③!

Жазғаныңды белгіле, объектінің жергілікті мәзірінде ④ Тану мәзір пунктін таңдаңыз ⑤!

Ашылған тақтада танудың түсіндірме нұсқалары пайда болады ⑥.

Дұрыс сөзге басып қол жазуын mozaBook мәтініне айналдырады ⑦, сонан соң оны мәтінді объект ретінде қайта құрады.



4. Қол жазуын танығышпен іздеу

Қол жазуын белгілеп, жергілікті мәзірден Іздеу мәзір пунктін табыңыз ⑧. Сол кезде жазу танығыштың түсіндірмелері шығады. Сол тізімнен іздейтінізді таңдаңыз ⑨.

Веб-тен де, галереядан да немесе ашылған басылымнан да іздей аласыз ⑩.

Қол жазуын тікелей mozaBook іздеуіне апарсаңыз, қол жазуын тану автоматты түрде іске қосылады және түсіндірме негізінде іздеу басталады.

Теңшелімдердің әр түрлі нұсқалары

mozaBook-те пайдаланушы интерфейсіңізді талаптарыңызға сәйкес құруға мүмкіндік бар ол пайдаланушы интерфейсіңізде күнделікті жұмысыңызды жеңілдетеді.

1. Үстел икондары

Жиі қолданылатын функциялар икондарын (себет, таңдаулылар, қаламсауыт, медиа-лексикон) экранның кез келген бөлігіне орналастыра аласыз, сонан соң оларды іске қоса аласыз ①.

Құралдар тақтасында Теңшелімдер иконын басып ②, Дисплей мәзірінде ③ Үстел икондары мәзір пунктін таңдаңыз. Икондарға басып ④ қайсысын үстелге қойғыңыз келетінін таңдаңыз.



Негізгі терезенің тақырыпатынан да Үстел икондарына қол жеткізе аласыз ⑤, және олардың пайда болуын ажыратып-қоса аласыз.

2. Бет тақтасы және Тұтас экран режимі

Үстелдің оң және сол шетінде екі кішкене қосымша (құлақша) көрінеді ⑥. Оларға басып бет тақтасын ⑦, жоспар бетін ⑧ аша аласыз немесе жаңа дәптер жасай аласыз.

Бет тақтасы арқылы таныстырылым кезінде сыныптағы тақтаны да пайдалана аласыз. Ондағы үшбұрышты басып, бет тақтасын (панелін) жабуыңызға болады.

Тұтас экран режиміне де ауысуыңызға болады ⑨. Сол кезде нұсқарлардың жанындағы иконмен мәзірге қол жеткізуіңізге болады немесе кері қалыпты экран режиміне ауысуыңызға болады ⑩.




3. Теңшелімдер мәзірі ⑪

- Дисплей – Мәзір, Құралдар тақтасы, Бет тақтасы, Қаламсауыт көрсету; парақтау, тақырыпат, фон; пернелер, икондардың өлшемі, стилі; терезені үлкейту.
- Жұмыс істеуі – Басылымдар, экстраларды mozaWeb-те пайдалану; браузер, сақтау.
- Тінтуір, жанасу – Тінтуір мен тақта функцияларын теңшеу.
- Үстел икондары – Үстел икондарын көрсету, қосу және ажырату.
- Тіл – mozaBook және пернетақта тілін теңшеу.
- mozaBook-ке кіру – Кіру түрі, аты, құпиясөзді ауыстыру, құқықтар.
- mozaWeb акк. – Пайдаланушы атымен mozaWeb мазмұнына қол жеткізу.
- Жүйе – mozaBook файлдарын басқару, сақтау, тарих.

Үй тапсырмасы жаңаша

mozaBook-тың Тапсырмалар редакторы дайындаған тапсырмаларды үй тапсырмасы ретінде жібере аласыз. mozaBook-тің көмегімен оқытатын сыныптарға, топтарға, жеке оқушыларға арналған тапсырмаларды бөлек реттеп, есепке алуыңызға болады.



Хабарлама электронды хатта оқушылар Үй тапсырмасы сілтемесіне басып, орнатылған тапсырмаларды ашып, орындай алады.

Жүйенің артықшылықтары

- Берілген және жіберілген тапсырмаларды, сондай-ақ үй тапсырмаларын оңай тексеруге болады.
- Шешімдерді бағдарлама автоматты түрде бағалайды, нәтижелердің статистикасын дайындайды, сол арқылы оқушылардың көрсеткішін тексеріп, салыстыра алады.
- Тапсырмаларды онлайн режимде кез келген интернет браузерін пайдаланып орындай алады.

Бағдарлама электронды хат арқылы оқушыларға үй тапсырмасын, олардың тақырыптарын, орындалу және жіберілу уақытын хабарлайды.

Үй тапсырмасын қалай беру керек?

mozaBook бағдарламасы mozaWeb-ке бұрын жүктелген үй тапсырмаларды таңдалған топқа үй тапсырмасы ретінде тағайындауға мүмкіндік береді.

Құралдар тақтасында Үй тапсырмасы иконына басыңыз 1, және Жаңа үй тапсырмасын беру мәзірін таңдаңыз 2!

Ашылған терезеде үй тапсырмасының теңшелімдерін орындаңыз.

3

Title	Subject	Grade	Author	Start date
The ear and the mechanism of hearing	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Watt's steam engine	1	7	Vass Tibor	29/03/2017

Title	Subject	Grade	Author	Start date
Maths quiz	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Earth	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Elephant	1	5	Vass Tibor	29/03/2017
Acropolis	1	5	Vass Tibor	29/03/2017

4

5

7

8

6

Теңшелім мүмкіндіктері

- Тапсырманы, тапсырмалар парағын таңдаңыз 3.
- Пән және сынып бойынша сүзу алдын ала жүктелген және Сізге қолжетімді тапсырмаларда бағдар жасауға көмектеседі 4.
- Тапсырмалар кімге беріледі? Топты таңдаңыз 5 немесе жеке оқушыларды белгілеңіз 6!
- Тапсырмаларды орындайтын уақыттың шегін тағайындаңыз 7!
- Қажет болғанда тапсырманы орындау үшін қосымша нұсқаулықтар беріңіз 8.

Сыбыр • Топтарды басқару, сондай-ақ тапсырмаларға немесе шешілген үй тапсырмаларына қатысты мәліметтерді mozaWeb интерфейсінде де қарауға болады, бірақ функциялар тікелей mozaBook Үй тапсырмасы тақтасынан да қолжетімді 9.

Тапсырмалар парағын mozaWeb-ке жүктеу

mozaBook-тің тапсырмалар редакторы арқылы жасалған тапсырмаларды, тапсырмалар парағын Сіз де mozaWeb-ке жүктей аласыз, басқалар үшін қолжетімді ете аласыз немесе үй тапсырмасы ретінде бере аласыз.

Тапсырманы жүктеу үшін басылымға қондырылған иконға басыңыз және жергілікті мәзірде mozaWeb-ке Жүктеу функциясын таңдаңыз ①.

Worksheet

- Open
- Edit
- Edit animations
- Properties
- Classwork
- Upload to mozaWeb
- Duplicate
- Cut
- Copy
- Paste
- Delete
- Flip
- Order
- Align
- Lock
- Clone lock

Upload to mozaWeb

Private Institution Public upload mozaWeb

Title: Birds, Mammals

Keywords (separated by commas): bird, mammal, dolphin, parrot, penguin

Subject: Biology Grade: Grade 5 Related book: Choose ...

Level of difficulty: ★★☆☆ medium

Ашылған терезеде

- тапсырманы ата ②,
- іздеуге кілт сөздерді жазыңыз ③,
- тақырыпты, сыныпты, байланысты басылымды таңдаңыз ④,
- және тапсырманың күрделілігін белгілеңіз ⑤.

Жүктемес бұрын mozaWeb-те қай тапсырмаларыңызды қай топқа қолжетімді ететініңіз туралы шешім қабылдаңыз ⑥.

Set new homework

1 Select exercises 2 Select students 3 Send homework assignment

Exercise types

Back Next

Title Subject Grade Author

Please select a worksheet from the list or create a new one.

Create new exercise

My exercises Shared with me Search Subject Grade

Title	Subject	Grade	Author	Date
Maths quiz	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Earth	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Watt's steam engine	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Elephant	1	5	Vass Tibor	29/03/2017
Acropolis	1	5	Vass Tibor	29/03/2017
The ear and the mechanism of hearing	1	7	Vass Tibor	29/03/2017
Birds, Mammals	1	4	Vass Tibor	29/03/2017

Сыбыр

Егер басылымға қондырылған тапсырманы бірден үй тапсырмасы ретінде беретін болсаңыз, оны бір адыммен былай жасай аласыз.

- Үй тапсырмасы тақтасында көрсетілген Жаңа үй тапсырмасын беру мәзірін таңдаңыз,
- таңдалған тапсырма икондарын тікелей ашылған терезеге апарыңыз ⑦,
- теңшеу аяқталған соң үй тапсырмасын таңдалған топқа беріңіз.

Бірнеше компьютерде бір уақытта


Егер сабақта оқушылар жеке компьютерде немесе планшетте жұмыс істесе, онда мұғалімнің компьютерінде немесе интерактив тақтада пайдаланылатын mozaBook бағдарламасына қосыла алады.

Оқушылар солай өз құралдарына қойылған тапсырмаларды орындай алады, мұғалім жіберген цифрлық мазмұндарды қарай алады.

Ортақ жұмыс қызықтырақ, тиімдірек болады.




Жеке тапсырмалар, өз бетінше және топпен жұмыс істеу, ИТ-құрылғыларды мақсатты пайдалану.



Мұғалім ...

- суреттерді, бейнелерді оқушылардың құралдарына жібере аласыз
- жеке және топтық тапсырмаларды бөлісе аласыз
- үйренуші топтардың жұмысын басқара, бақылай аласыз
- тапсырмалардың орындалуын қадағалай аласыз
- жіберілген және автоматты түрде бағаланған жауаптарды көре аласыз
- нәтижелер туралы статистикаларды аласыз

Сыныптағы жұмысқа қалай қосылуға болады?



Құралдар тақтасында Үй тапсырмасы иконина басыңыз ①, сонан соң Байланыс орнату мәзірін таңдаңыз ②!

Байланысқа түсіңіз және сынып жұмысын бастаңыз! ①




Оқушылар бұдан былай жергілікті желі арқылы компьютеріңізде орнатылған mozaBook бағдарламасына қосыла алады.

- Құралдарыңызда mozaBook бағдарламасын іске қосуын сұраңыз.
- Оқушы қосылуы ③ мәзірінде сынып жұмысына қосыла аласыз.



Мұғалімнің басқару пульті

Сынып жұмысы тақтасында қосылған студенттер жағдайын ④, берілген тапсырмалардың орындалуын ⑤ немесе олардың есебін қарай аласыз ⑥.



Мазмұнды жіберу

Суреттер, иллюстрациялар, дәптерлер, кітаптарды жергілікті мәзіріңізден, сондай-ақ құралдар, 3D анимацияларды Тапсырмалар редакторының Сақтау және үйлестіру мәзірінен ⑦ Сынып жұмысы / Оқушыларға жіберу ⑧ мүмкіндігін пайдаланып, қосылған мазмұндарды оқушылардың құрылғыларына жібере аласыз.

Суреттер, иллюстрациялар жіберу

Оқулықтың бір суретін, иллюстрациясын жібере аласыз немесе көрнекті материалды интернеттен де көре аласыз.



Кітап немесе дәптер бетін жіберу

Оқушылардың құрылғыларында ашылған кітапты, дәптерді көрсете аласыз, сондықтан оқушылар бірден, парақтамай-ақ, оларға көрсеткіңіз келетінді көре алады.

Сыбыр • Атқа немесе аватарға басып, жергілікті мәзірден студенттердің құралында көрінетін мазмұнды тексере аласыз ⑨.



Тапсырмаларды орнату және орындау

mozaBook-те жасалған тапсырмалар оқушылар мен топтарға "Сынып жұмысы" функциясына екі түрлі жолмен жіберіле алады.




Барлық тапсырманы жіберу

Оқушылар өз құралдарында тапсырманы 2 толық көре алады, құралды пайдаланып орындай алады, сонан соң жауабын кері жібере алады.

Тапсырмаларды қарапайым жолмен тағайындау

Студенттер өз құралдарында тек сұрақтарға жауап бере алады 1. Сұрақтар мұғалім бақылайтын тақтада көрінеді. Оқушылардың барлығы тапсырмаларды бір уақытта орындайды. Мәліметтер айналымы аз, сондықтан әлсіз желі байланысы да сынып жұмысына кедергі бола алмайды.



Жауаптарды бағалау

Жауап тәсілінде 3 оқушылар құпия түрде жауап береді.

Дауыс беру тәсілінде 4 оқушылар қойылған сұрақтарға құпия түрде жауап береді, мұғалім әр сұраққа келген жауаптың жалпы санын ғана көреді.



	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	%
Abdul Ghafoor	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	⌚		80
Brooks Pulsipher	✗	✓	✓	✗	⌚						20
Dalton Seamster	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	100
Dania Tufford	✓	✗	✓	✓	✓	✓	✗	✗	✗	✗	50
Eddie Denn	✓	✓	✓	✓	⌚						40
Elias Surls	✗	⌚									0
Gerard Willocks	✗										0
Total	50	83	83	67	50	50	33	33	17	17	48

Әр платформада жан-жақты пайдалану

Цифрлық кітаптарыңызды mozaBook-те немесе mozaWeb интерфейсінде аша аласыз. Планшетіңізде парақтай аласыз ол үшін алдымен mozaBook қосымшаларын жүктеуіңіз керек.

Операциялық жүйеге байланысты (iOS, Android), планшеттерде кейбір интерактив экстра мазмұндар тек шектеулі функциялармен қолданылады. mozaBook-тің толық жұмыс істеуі үшін Windows операциялық жүйе қажет.

mozaBook сенсорлы экранды құрылғыларды қолдайды. Оның басқару интерфейсі экранның өлшеміне интеллигентті түрде бейімделе алады, сондықтан интерактив тақта да, ноутбукте де және планшетте де бірдей пайдаланыла алады.


Веб-дүкенімізде mozaBook-тің бірнеше нұсқасы да оқушылар, мұғалімдер үшін, сынып жұмыстары үшін қолжетімді.





iOS және Android-ты пайдаланғанда...

App store-дан немесе Google Play дүкенінен mozaBook қосымшасын жүктеңіз!

Жергілікті пайдаланушыңызды құрыңыз және оны mozaWeb аккаунтыңызға жалғаңыз, сөйтіп бұрын сатып алған цифрлық кітаптарыңызға қол жеткізе аласыз.

Егер mozaWeb аккаунтыңыз әлі жоқ болса, онда біреуін құрыңыз!



-  Планшетіңізге Сізге қолжетімді кітаптарыңызды жүктей аласыз немесе жаңа басылымды сатып алуыңызға да болады. (Жүктеу аяқталған соң mozaBook-ті офлайн режимде пайдалана аласыз).
-  Сіз цифрлық оқулықтарыңызды парақтай аласыз, бет бөліктерін үлкейте аласыз, қондырылған интерактив мазмұндарды ойната аласыз (3D үлгілері, білім беру видеолары, аудиолары, суреттер, тапсырмалар).
-  Кітабыңыздың беттеріне сурет сала аласыз, мәтін маркерін пайдалана аласыз және жазбалар да қондыра аласыз.
-  Цифрлық тақтадағы немесе жеке компьютеріңіздегі mozaBook бағдарламасына қосыла аласыз (сынып жұмыстары үшін).

Сыныптағы және үйдегі интерактивті жұмыстар

Егер mozaBook-ті интерактивті тақтаны пайдалансаңыз және студенттердің планшеттері болса, онда топтық сынып жұмысты бастай аласыз.

Оқушылар мұғалімнің компьютеріне интернет байланысынсыз, сымсыз желі арқылы қосыла алады. Оқушыларға интерактив үй тапсырмаларын жібере аласыз, олар үйде өз компьютерлерінде пайдалана алады.

Сынып жұмысына қатысуға және үй тапсырмаларын орындауға оқушылардың Mozaik STUDENT-ке жазылуды сатып алуы керек.



Mozaik STUDENT-ке жазылуды сатып алу

Сыныпта оқушылар

- Планшеттерімен мұғалім жүргізетін сынып жұмысына қосыла алады.
- Суреттерді, интерактивті қосымшаларды, мәтіндерді және тапсырмалар парағын қабылдай алады.
- Өздеріне берілген тапсырмаларды орындай алады.

Үйде

- Цифрлық басылымдарын аша алады, олардағы интерактивті мазмұндарды ойната алады.
- Медиа-лексиконды шектеусіз қолдана алады.
- Дағдыларын дамытушы, безендіруші және тәжірибелік қосымшалардың көмегімен сабақтарды ойын түрінде меңгере алады.
- Интерактивті үй тапсырмаларын орындап, олармен бөлісілген таныстырылымдарға қол жеткізе алады.

Mozaik STUDENT PACK

Оқушылар Mozaik STUDENT-ті интернетте өз бетінше де сатып ала алады, бірақ бүкіл сыныпқа арналған лицензиялар пакеті арзан түседі.


Бірден 10 немесе одан көп жазылу пакетін сатып алғанда, әжептәуір жеңілдік жасалады.



Қалай пайдалануға болады?

mozaBook аппликациясы планшетте де және ұтқыр телефонда да қолжетімді, сондықтан оқушылар барлық жерде цифрлық кітаптарын алып жүре алады және офлайн режимде қолдана алады.

mozaWeb сайтында интернет байланысы бар компьютерде бөлек бағдарлама орнатпай-ақ цифрлық кітаптарды, дәптерлерді ашуға және интерактивті мазмұндарды, білім беру құралдарын шектеусіз пайдалануға болады.



Бағдарламаны жаңарту

mozaBook үздіксіз дамушы жүйе. Ондағы цифрлық білім беру мазмұндары және құралдар саны үздіксіз өсіп отырады, сондықтан ауық-ауық жаңартып отыру керек.

Егер сіз пайдаланған бағдарламаның ең соңғы нұсқасы қолжетімді болса, онда оны іске қосқанда сол туралы еске салу хаты пайда болады ①. Орнатуды таңда ②, және бағдарламаны жаңартыңыз!

Сыбыр

Бағдарламаны кейін де тақырыпатының иконына басу ③, немесе Теңшелімдер тақтасында Жаңарту мәзірін таңдау арқылы жаңарта аласыз ④.





Кері байланыс

Егер mozaBook-тің жұмыс істеуіне қатысты сұрақтарыңыз болса немесе бір басылымымыздан қате тапсаңыз, онда бізбен бөлісіңіз.

Теңшелімдер тақтасында Кері байланысты таңдаңыз ⑤!

- Атыңызды, электронды мекенжайыңызды жазыңыз,
- байқағандарыңызды жазыңыз ⑥,
- қате көрсеңіз оның нақты орнын жазыңыз,
- қажет болса айтатыныңызды экран суретімен, видеомен безендіріңіз немесе байланысты басылымды жүктеңіз ⑦.



Лицензияларды салыстыру

mozaBook бағдарламасы мектептер, мұғалімдер және студенттер үшін бірдей қолжетімді, сонымен бірге сабақта және үйде қолдануға болады.

Пайдаланушы лицензиялар (Mozaik STUDENT, Mozaik TEACHER) көмегімен пайдаланушы әр түрлі құралдарда (компьютерде, интерактивті тақталарда, ноутбуктерде, планшеттерде, ұтқыр телефондарда) пайдаланушы идентификаторымен кіре алады. mozaBook және mozaWeb жүйесін бірдей қолдана алады, бір уақытта бірнеше құралдан кіре алады.

Құрал негізді лицензия (mozaBook SCHOOL-LAB, mozaBook CLASSROOM) көмегімен бір құралда бағдарламалық қамтымды саны шектеусіз пайдаланушы қолдана алады. Пайдаланушылардың лицензиясы болуы міндетті емес. Бір құралды бірнеше мұғалім немесе оқушы қолданған жағдайда ұсынылады. Бұл лицензия тек құралдарға беріледі, оны мұғалім әлде оқушы пайдаланатынына қарамайды.

mozaBook лицензиялары	Қанша пайдаланушы пайдалана алады?	Неше құралда пайдалануға болады?	mozaBook кітаптарын ашуға жарамды	Құралдар мен ойындарды пайдалану	Видеолар, 3D-лар, e-Дәрістер, Суреттер, Аудиолар	Өз таныстырылымын (дәптерін) құру	mozaWeb жүйесін пайдалану	PDF-тен өз цифрлық кітаптарын жасау	Интерактивті 3D кітап сериясы (20 том)	Интерактивті тақта / Проектное / Үлкен көлемді экран (>30")	Топ құрау	Ортақ сынып жұмысы	Интерактивті үй тапсырмалары
Mozaik STUDENT	бір	бірнеше	✓	✓	✓	✓	✓					қосыла алады	шешіледі
Mozaik TEACHER	бір	бірнеше	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	бастауға болады	тапсырма
mozaBook SCHOOL-LAB	бірнеше	бір	✓	✓	✓	✓						қосыла алады	шешіледі
mozaBook CLASSROOM	бірнеше	бір	✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	бастауға болады	тапсырма

Mozaik Education

Szeged • Hungary

e-mail: office@mozaweb.com

web: www.mozaweb.com



Басылым Mozaik Education-нің зияткерлік меншігі, авторлық құқығының иесі. Mozaik Education өнімінің кез келгенін онымен келіспей тұтастай немесе жартылай, қазіргі кең танылған пішінде немесе болашақта танылатын пішінде қайта өңдеуге, көбейтуге, аударуға немесе пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады.

Басылым өте зор ыждаһаттылықпен дайындалған, бірақ ақпараттардың өзектілігі, дұрыстығы үшін жауапқа тартылмайды. Оларды өзгерту құқығына иеміз.

Copyright Mozaik Education Ltd., 2022. Барлық құқықтары қорғалған.